

Еуразиялық экономикалық одақтың "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған жанғыш табиғи газдың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (ЕАЭО ТР 046/2018) өзгерістер енгізу тәртібі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 14 қазандағы № 93 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2-қосымшаның 11-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Мыналар:

а) өнімдердің Еуразиялық экономикалық одақтың "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған жанғыш табиғи газдың қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 046/2018) техникалық регламентіне өзгерістер енгізу туралы шешімі күшіне енгенге дейін қабылданған Еуразиялық экономикалық кеңестің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 74 шешімімен қабылданған Еуразиялық экономикалық одақтың "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған жанғыш табиғи газдың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (ЕАЭО ТР 046/2018) (әрі қарай – техникалық регламент) бойынша орнатылған талаптарға сәйкестігін бағалау туралы құжаттар олардың жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін жарамды;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында техникалық регламенттің техникалық реттеу нысаны болып табылатын өнімді өндірісі және айналымға шығарылуы осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген сәйкестікті бағалау туралы құжаттары болған жағдайда, мұндай құжаттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін рұқсат етіледі;

в) осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген сәйкестікті бағалау туралы құжаттарының жарамдылық мерзімінде айналымға шығарылған техникалық регламенттің техникалық реттеу нысаны болып табылатын өнімнің айналымы оны тұтынушыға өткізуге дейін рұқсат етіледі.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК